

Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге Жанасов Төрештің атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігі Тассай ауыл округі әкімінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы N 113 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 14-10-158 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекені тұрғындарының пікірлерін ескере отыра, Тассай ауыл округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тассай ауыл округіне қарасты Таскен ауылындағы атауы жоқ көшеге Жанасов Төрештің есімі берілсін.

2. Тассай ауыл округі әкімі аппаратының бас маман - жер инспекторы К.Темирбеков, көшеге қайта атау беруі бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары М.Туледияровқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тассай ауыл округі әкімі:

Танагузов Б.Т.